

Жергілікті қауымдастықтың жиналыстарын (жыныдарын) өткізу және шешім қабылдау Қағидалары туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2009 жылғы 20 желтоқсандағы N 20/10 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 22 қаңтарда N 1739 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2013 жылғы 16 наурыздағы N 18/12 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 16.08.2013 N 18/12 шешімімен

Ескерту. Барлық мәтін бойынша «Ережелері, Ережесі, Ереже, Ережемен» деген сөздер «Қағидалары, Қағидасы, Қағида, Қағидамен» деген сөздермен ауыстырылды – Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2013.03.19 N 13/28 Шешімімен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 2-тармағына, «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» 1995 жылғы 17 наурыздағы № 2126 Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІТІ**:

1. Жергілікті қауымдастықтың жиналыстарын (жыныдарын) өткізу және шешім қабылдау Қағидалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оны бірінші ресми жариялаған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық

мәслихаттың

XX сессиясының төрағасы

T. Ткаченко

Облыстық

мәлихаттың хатшысы

K. Едіресов

Облыстық

мәслихаттың

2009

жылғы

20

желтоқсандағы

№

20/10

шешімімен

бекітілді

Жергілікті қауымдастықтың жиналысын (жынынын) өткізу және шешімдерін қабылдау Қағидасы 1. Жалпы Қағида

1. Қағида жергілікті маңызы бар мәселелерді талқылау және шешім қабылдау және оларды өзгерту үшін жергілікті қауымдастық жиналышын (жынының) (әрі қарай жиналыш (жынын) өткізу тәртібін анықтайды.

2. Жиналыш (жынын) шегінде жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын барлық әкімшілік-аумақтық бірлікте тұратын азаматтардың өз ерік-қалауын тікелей білдіру нышаны болып табылады.

3. Жергілікті қауымдастықтың жиналышын (жынын) дайындауды, өткізуді ұйымдастыруға және шешімін шығаруға байланысты қатынастар Қазақстан Республикасының Конституациясына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген осы Қағидамен реттеледі.

2. Жиналышты (жынынды) өткізудің жалпы қағидаттары

4. Жиналыш (жынын) жергілікті қауымдастық мүшелерінің жалпыға бірдей, тең және ерік-қалауын тікелей білдіру, жариялышы мен ашықтығын сақтаумен ерікті және өз қалауы негізінде қатысуымен өткізіледі.

5. Жергілікті қауымдастықтың мүшелері жиналышқа (жынға) жеке өзі қатысады, әрі олардың әрқайсысы бір дауысқа ие.

6. Қазақстан Республикасының азаматын жергілікті қауымдастықтың мүшесі деп тану үшін шегінде жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын әкімшілік-аумақтық бірлікте тұрғылықты тіркелуі негіз болып табылады.

7. Жергілікті қауымдастық аумағында тұрғылықты тұратын шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында немесе халықаралық шартта белгіленген шекте жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруға қатысады.

3. Шақыру тәртібі

8. Жергілікті қауымдастықтың жиналышы (жынын) сәйкес аумақтағы сайлау құқығы бар тұрғындардың 10 пайызынан артығының немесе сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару органының бастамасы бойынша шақырылады.

9. Жергілікті қауымдастықтың жиналышы (жынын) қажеттілігіне қарай шақырылады.

10. Жергілікті қауымдастықтың жиналышын (жынын) шақыру мүмкін болмаған немесе қындық тудырган жағдайда жиналыш (жынын) елді мекен, көше,

тұрғын үйдегі жергілікті қауымдастық мүшелерімен өткізіледі. Сәйкес аумақтағы тұрғындар пікірін білу үшін жалпы нәтижесін анықтау Жиналыс (жиын) шешімін жариялау жолымен жүзеге асырылады.

4. Жергілікті қауымдастықтың жиналысын (жиыннын) әзірлеу және өткізу тәртібі

11. Жергілікті қауымдастықтың жиналысын (жиыннын) әзірлеуді және өткізу ді тиісті жергілікті өзін-өзі басқару органы, жергілікті қауымдастықтың мүшелері қамтамасыз етеді.

12. Жиналыстың (жиынның) өткізілетін күні мен орнын, оның қарауына енгізілетін мәселелер туралы жергілікті өзін-өзі басқарудың жауапты мүшесі тұрғындарға оны өткізетін күннен он күн бұрын бұқаралық ақпарат құралдары немесе мерзімдік баспа болмаған жағдайда басқа әдістер арқылы хабарлайды.

13. Жиналысты (жиынды) ашар алдында қатысып отырған жергілікті қауымдастық мүшелері мен шақырылғандарды тіркеу жүргізіледі.

14. Жергілікті қауымдастықтың жиналысын (жиыннын) жергілікті өзін-өзі басқару органының басшысы (орынбасары) немесе басқа өкілетті тұлға ашады.

15. Жиналысты (жиынды) өткізу үшін төраға мен хатшы ашық дауыс беру арқылы сайланады. Жиналыстың (жиынның) күн тәртібі келіп түскен ұсыныстарды есепке ала отырып құрылады және қатысушылар санының жай көпшілік дауысымен бекітіледі.

5. Жиналыстың (жиынның) хаттамасы

16. Жиналыста (жиында) хаттама жүргізіледі, онда жиналыстың (жиынның) өткізілген күні мен орны, қатысып отырған жергілікті қауымдастық мүшелерінің жалпы саны; шақырылғандардың, төраға мен хатшының тегі, аты әкесінің аты; күн тәртібі; сөйлеген сөздердің мазмұны, дауыс беру нәтижелері; қабылданған шешімдер көрсетіледі.

17. Хаттама мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады, оны өткізген күннен кейін үш күннен кешіктірмей оған жиналыс (жиын) төрағасы мен хатшысы қол қояды.

6. Жиналыс (жиын) құзыреті

18. Жиналыс (жиын) құзыретіне: реттелуі тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті қауымдастық мүшелерінің құқығы мен занды мұдделерін қамтамасыз етуге байланысты жергілікті маңызы бар мәселелерді қарау;

мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының тұрғындар мүддесіне қатысты тиісті аумақты кешенді әлеуметтік-экономикалық дамыту жоспарлары мен бағдарламаларын жүзеге асыруына ықпал ету;

мемлекеттік органдарға және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жергілікті қауымдастық жиналышында (жынында) қойылған түйінді мәселелерді шешу бойынша қажетті шаралар қолдану үшін хат жолдау;

жиналышқа (жынға) әкімшілік-аумақтық құрылғыларға, қатысушылар тұратын аумаққа қатысты мәселелер бойынша ұсыныс енгізу;

Қазақстан Республикасында қолданылатын заңнамаларға сәйкес жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуде басқа да әрекеттер жасауды жүзеге асыру жатады.

7. Жергілікті қауымдастық жиналышының (жынынды) шешімдері

19. Жиналышқа (жынға) қатысушылар күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдауды.

20. Шешімдер ашық және құпия дауыс беру арқылы қабылданады.

21. Шешім оған жергілікті қауымдастық мүшелерінің жиналышына (жынына) қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады деп есептеледі. Дауыстар тең түскен жағдайда жиналыш (жын) төрағасының пікірі шешуші дауыс болып саналады.

22. Шешім хаттама түрінде рәсімделеді және мүдделі тұлғаларға жеткізіледі.

23. Қабылданған шешімге өзгертулер мен толықтырулар енгізу тек жиналыш (жын) арқылыға ғана енгізіледі.

24. Жиналыштың (жынынды) шешімдері бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жатады немесе жиналыш (жын) өткізу үшін белгіленген аумақта тұратын жергілікті қауымдастық мүшелерінің назарына мерзімдік баспа болмаған жағдайда басқа әдістер арқылы ол қабылданған күннен он күннен кешіктірмей хабарланаады.

25. Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда қауымдастық мүшелері мен басқа тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіпте шағым-арыз бере алады.

8. Қорытынды Қағида

26. Осы жергілікті қауымдастықтың жиналышын (жынын) өткізу және шешімдерін қабылдау жөніндегі Қағида Солтүстік Қазақстан облысының барлық аумағында қолданылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК